

"2021-2023 жылдарға арналған Айыртау ауданы Казанка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 6-49-14 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2021 жылғы 25 қарашадағы № 7-12-4 шешімі

Айыртау аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "2021-2023 жылдарға арналған Айыртау ауданы Казанка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 6-49-14 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6910 болып тіркелді) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Айыртау ауданы Казанка ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 127 687,1 мың теңге:

салықтық түсімдер – 2 941,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 124 746,1 мың теңге;

2) шығындар – 128 222,2 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -535,1 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 535,1 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 535,1 мың теңге.";

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. 2021 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен нысаналы трансферттер 10 522,0 мың теңге сомасында ескерілсін.

Көрсетілген аудандық бюджеттен нысаналы трансферттердің бөлуі 2021-2023 жылдарға арналған Казанка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы Айыртау аудандық мәслихаттың шешімін іске асыру туралы ауылдық округ әкімінің шешімімен айқындалады.";

келесі мазмұндағы 6-2- тармағымен толықтырылсын:

"6-2. 2021 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер 11 679,1 мың теңге сомасында ескерілсін.

Көрсетілген облыстық бюджеттен нысаналы трансферттердің бөлуі 2021-2023 жылдарға арналған Казанка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы Айыртау аудандық мәслихаттың шешімін іске асыру туралы ауылдық округ әкімінің шешімімен айқындалады.";

келесі мазмұндағы 6-3- тармағымен толықтырылсын:

"6-3. 2021 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен шығыстар 87 928,0 мың теңге сомасында ескерілсін.

Көрсетілген нысаналы трансферттердің бөлуі 2021-2023 жылдарға арналған Казанка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы Айыртау аудандық мәслихаттың шешімін іске асыру туралы ауылдық округ әкімінің шешімімен айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының
хатшысы Г. Абулкаирова

Айыртау аудандық мәслихатының
2021 жылғы 25 қарашадағы
№ 7-12-4 шешіміне
1 қосымша

Айыртау аудандық мәслихатының
2020 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 6-49-14 шешіміне
1 қосымша

2021 жылға арналған Айыртау ауданы Казанка ауылдық округінің бюджеті

Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
1	2	3		
1	2	3	4	5
			1)Кірістер	127 687,1

1			Салықтық түсімдер	2 941,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	2 941,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	10,0
		3	Жер салығы	127,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2 804,0
2			Салықтық емес түсімдер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттердің түсімдері	124 746,1
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	124 746,1
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	124 746,1
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Атауы	Соманың теңге
		Бағдарлама		
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	128 222,2
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	2 1 527,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 1 527,0
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 1 482,0
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	45,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 0 862,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 0 862,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 780,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	4 941,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	4 141,0
13			Басқалар	9 5 833,1
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	9 5 833,1

	040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	150,0
	057	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	9 5683,1
15		Трансферттер	0,1
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,1
	048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,1
		3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
		Бюджеттік кредиттер	0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-535,1
		6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	535,1
		Қарыздар түсімі	0
		Қарыздарды өтеу	0
Санаты			Сом
	Сыныбы	Атауы	, мың теңге
	Кіші сыныбы		
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	535,1
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	535,1
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	535,1